

Тақырыбы; Ұлпаларды ажырату

Орындаған; АМАНТҰР.А

КӨШЕКОВ.С

Тексерген; ШИМАНОВ.Ғ

Ұлпаларды ажырату

Жалпы операция ұлпалардың бүтіндігін бұзуға мәжбүр етеді кесуі, тесу ампутация т.б

Кесілген ұлпалармен неғұрлым абай болса олар жылдам жазылады. Операция жасаушы ұлпаларды ажырату алдында тілімінің ұзындығын және пішінін жақсы болжау керек. Тілім ұзындығы тек зақымның ұзындығына ғана емес ұлпаларға жету тереңдігіне де байланысты. Жалпы тілімге кіріскенде хирургияның жалпы ережесін ескеру керек: тілім қажетінше үлкен және мүмкінінше кішкене болуға тиісті.

Тілім пішіні

Тілім бағыты

Тілім Пішіні тіксызықты болады. Бірақ ісікте, ойық пен іріңді жаралардың т.б патологиялардың экстрепациясында тілімді ұршық тәрізді жасайды.

Тілімнің бағыты тері қатпарларының жолымен терең орналасқан тамыр, жүйке түйіндерінің, сіңірлер мен байламдардың т.б мүшелердің орналасуымен анықтайды

Хирургиялық аспаптар, тілімдерді орындау техникасы

Хирургиялық аспаптардың ең бастысы хирургиялық пышақ, жүзіне және сабына байланысты әртүрлі пішінді және тағайындалуы болады. Ең көп таралған құрсақты және шошақты скальпельдер. Құрсақты скальпелдің құрсағымен ұлпаларды тіледі, тіліктердің әртүрлі пішінді, ұзынды және тереңді жасауға қолданады. Шошақ скальпель ұшымен байқаулы сепарильденген қимылдармен тамыр жүйке элементерінің талшықтарын, өзектерді, және т.б ұлпаларды жекелейді.

Скальпельді ұстау әдістері

Беткейлік, ұзын, бірақ терең емес тілімді жағдайда скальпельді қолда
ысқы жағдайында ұстайды.

Шошақ скальпельді көбінесе жазу қаламышы түрінде ұстайды, осы
әдіспен шағын тура тіліктерді орындауға мүмкіндік беріледі. Жуан
терініні бір қалыпты кесу үшін, тілу алдында құрсақты скальпельді
вертикаль қойып, теріні кеседі де түсіреді және ары қарай скальпельді
семсер әдіспен ұстап жұмыс істейді. Скальпельді троакар түрде ұстап
вертикальді тіліктерді орындайды.

ҚАЙШЫЛАР

Ұлпаларды ажыратуға қайшыларды қолданады олар тағайындалуына қарай әт түрлі пішінді болады. Кең тараған түзу қайшы, кейде доғал ұшты, қисық, ішектің, қабырғаның, көздің, жалпақтығына майысқан т.б түрлері көп болады.

Қажетті инструменттер бірі болып табылатын ілмектер: хирургиялық және анатомиялық. Олармен операция кезінде ұлпаларды қысады және бір қалыпты ұстайды.

Сүйектерді және басқа тығыз ұлпаларды ажырату

Сүйектерді толығымен ажырату үшін әр түрлі араларды қолданады; жапырақты, доғалы, сымды т.б.

сүйек тұсын распатормен ажыратады.

Трепанация (грек тілінен аударғанда тесік ойып алу дегенді білдіреді) сүйектерде цилиндрлік араларымен немесе шар тәрізді фрездермен ұлпаларды тесік ойып алу ажыратудың ерекше бір түрі.

Трепанацияны сүйек қашауларымен жасайды.

Ампутация (лат. кесіп тастау) ұлпаларды толық ажыратып мүшенің периферикалық бөлігін кесіп тастау.

Ісіктерді алып тастау

Қатерсіз ісіктерді алып тастау.Қатерсіз ісіктерді скальпель және қайшылармен алып тастайды.Ісіктің маңайынан айналдыра тіліп оны пинцетпен тарпыт көтеріп қайшымен кесіп алады.